

**«6D030100-Құқықтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған Байжанова Кулзира Тулепбергеновианың
«Қазақстанда қалалар мәртебесінің дамуы: теориялық-құқықтық зерттеу»
тақырыбындағы диссертациялық жұмысына
Ресми рецензенттің жазбаша пікірі**

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына</p> <p>және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету);</p> <p>2) <u>диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған</u> (бағдарламаның атауын көрсету);</p> <p>3) <u>диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.</u></p>	<p>Диссертация Біріккен ұлттар үйіммен анықталған 11-ші Тұрақты даму мақсатына «Қалалар мен елді мекендердің инклузивті, қауіпсіз, өміршең және экологиялық тұрақтылығын қамтамасыз ету»; «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты бағдарламасы; Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі құқықтық саясатының тұжырымдамасы (Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 15 қазандағы № 674 Жарлығымен бекітілген); Қазақстан Республикасының 2029 жылға дейінгі ұлттық даму жоспары (КР Президентінің 2024 жылғы 30 шілдедегі №611 Жарлығымен бекітілген), Мемлекет басшысы Қ.К.Токаевтың «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы», «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» Қазақстан халқына жолдауларындағы негізгі үйгарымдар, елдің даму бағытын айқындаған мемлекеттік бағдарламалар аясында орындалған.</p> <p>Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына (Елдің зияткерлік әлеуеті) сәйкес келеді.</p> <p>Диссертациялық жұмыс қазіргі заманғы ғылымға елеулі үлесін косады/коспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.</p>
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін косады/коспайды , ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған .	Диссертациялық жұмыс қазіргі заманғы ғылымға елеулі үлесін косады және оның маңыздылығы жақсы ашылған . Қалалардың қалыптасуының өркениеттік-

	<p>2) ішінара айқындейды;</p> <p>3) айқындаамайды;</p>	<p>көтерілген мәселелердің негізгі жақтарын ашады. Теориялық негіздерді, қолданыстағы нормативті-құқықтық актілерді, құқық қолдану тәжірибесін талдау арқылы зерттеу диссертацияның негізгі бөлімдерінде тандалған тақырыптың нақты ашылу денгейін көрсетеді.</p>
	<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <p>1) <u>сәйкес келеді;</u></p> <p>2) ішінара сәйкес келеді;</p> <p>3) сәйкес келмейді.</p>	<p>Зерттеудің мақсаты мен міндеттері тандап алынған тақырыпқа толығымен сәйкес келеді. Жұмыстың мақсаты тақырыптан бастау алатын қалалар мәртебесінің теориялық және тәжірибелік мәселелері бойынша кешенді және жүйелі зерттеу жүргізумен анықталады. Қойылған міндеттер логикалық түрде мақсаттан туындейды және оның іске асырылуын қамтамасыз етеді. Олар қолданыстағы заңнаманы талдау, құқықтық олқылықтарды анықтау, нормативті-құқықтық базаны жетілдіру бойынша ұсыныстарды әзірлеуді қамтиды. Бұның барлығы зерттеу тақырыбына сәйкес келеді және оның мазмұнын жан-жақты ашуға мүмкіндік береді.</p>
	<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан:</p> <p>1) <u>толық байланысқан;</u></p> <p>2) ішінара байланысқан;</p> <p>3) байланыс жок.</p>	<p>Автордың ұсынылған диссертациялық зерттеу жұмысы өзіне тән логикамен толық, тұтас және өзара байланысты жұмыс болып табылады. Диссертацияның кіріспесінде тақырыптың өзектілігі, мақсат-міндеттері қарастырылады. Бірінші бөлім қалалардың қалыптасуы мен дамуының тарихи тағылымын, қала ұғымының теориялық негіздерін ашумен сипатталса, екінші бөлімде республикалық маңызы бар қалалар мен астананың, Байқоңырдың, облыстық және аудандық маңызы бар қалалардың мәртебесін талдау және пайымдау әрекеті жүргізіледі. Жұмыстың тәжірибелік бөлімі қалалық басқару органдарының қоғамдық өмірдің әр түрлі салаларындағы атқаратын</p>

		<p>қызметінің өзекті сұрақтарының шешімін табуға арналады. Жұмыстың қорытындысында зерттеу нәтижелері жинақталады, тақырыптың келешегі болжанады. Онда бекітілген нәтижелер күрылымдық және толық сипатқа ие.</p>	
	<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>сыни талдау бар;</u> 2) талдау ішінara жүргізілген; 3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жок. 	<p>Диссертациялық жұмыста сыни талдау бар. Диссертация авторы ұсынған жаңа шешімдер дәлелді және сауатты, кәсіби бағаланған. Автормен «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық күрылымы туралы» КР заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы КР заңы жобасы нақты құқықтық нормаларымен бап бойынша дайындалып (салыстырмалы кестесімен қоса) ұсынылған, ондағы өзгерістер мен толықтырулардың дәлелденгендігі және бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырыла отырып бағаланғандығы ұлттық құқықтық жүйені және құқық қолдану тәжірибесін сыни талдаудың бар екендігін көрсетеді.</p>	
5.	<p>Ғылыми жаңашылдық принципі</p>	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>толығымен жаңа;</u> 2) ішінara жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем). 	<p>Автордың алған ғылыми нәтижелері толығымен жаңа болып табылады. «Қала» түсінігін теориялық-құқықтық талдау барысында оған авторлық анықтама береді, қазақстандық қалалар мәртебесінің құқықтық негіздері анықталады, шетелдік тәжірибелі ескере отырып елімізде қалалық өзін-өзі басқару тетіктерін жетілдіру шаралары, республикалық маңызы бар қалалардың мәртебесін құқықтық реттеуге қажетті заң жобасы; өзге қалалардың мәртебесін нақты заңдастыру ұсынылады.</p>
		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>толығымен жаңа;</u> 2) ішінara жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем). 	<p>Диссертацияның қорытындысында келтірілген барлық негізгі тұжырымдар толығымен жаңа, терең теориялық-әдістемелік және әмпирикалық талдауға негізделген.</p>

		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа;</u> 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері толығымен жаңа және негізделген.</p>
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	<p>Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).</p>	<p>Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген.</p>
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	<p>Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Ереже дәлелденді ме?</p> <p>1) <u>дәлелденді;</u> 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия; 2) <u>жоқ;</u> 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) <u>ия;</u> 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар; 2) орташа; 3) <u>кен</u> 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p>	<p>Диссертацияда қорғауға шығарылған алты ереже ұсынылады:</p> <p>1 ереже. Теориялық-құқықтық талдау негізінде қаланың әкімшілік-аумақтық бірлік және құқық субъектісі ретіндегі авторлық анықтамасы ұсынылған.</p> <p>7.1 1) дәлелденді 7.2 2) жоқ 7.3 1) ия 7.4 3) кен 7.5 1) ия</p> <p>2 ереже. Қала аумағында азаматтардың мемлекет пен қоғам істерін басқаруға тиімді атсалысы жергілікті маңызды мәселелердің тікелей азаматтармен шешілуі туралы рәсімдік нормалардың, әдістемелердің және ұсынымдардың болмауына байланысты жеткіліксіздігі айқын көрінеді дей отыра, оларды шешу жолдары ұсынылған.</p> <p>7.1 1) дәлелденді 7.2 2) жоқ 7.3 1) ия 7.4 3) кен 7.5 1) ия</p> <p>3 ереже. «Республикалық маңызы бар қалалар туралы» Қазақстан</p>

	<p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) жоқ</p> <p>3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p>	<p>Республикасы заңының үлгілі жобасы әзірленіп ұсынылған.</p> <p>7.1 1) дәлелденді</p> <p>7.2 2) жоқ</p> <p>7.3 1) ия</p> <p>7.4 3) кең</p> <p>7.5 1) ия</p> <p>4 ереже. «Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілі туралы ережеге» Арнаулы өкілдің қызметін ұйымдастыру мен қамтамасыз ету бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу ұсынылған.</p> <p>7.1 1) дәлелденді</p> <p>7.2 2) жоқ</p> <p>7.3 1) ия</p> <p>7.4 3) кең</p> <p>7.5 1) ия</p> <p>5 ереже. «Қазақстан Республикасы әкімшілік-аумақтық құрылышы туралы КР заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» КРЗ жобасы дайындалып, облыстық маңызы бар қалаларды анықтау тәжірибесі заңдастырылған.</p> <p>7.1 1) дәлелденді</p> <p>7.2 2) жоқ</p> <p>7.3 1) ия</p> <p>7.4 3) кең</p> <p>7.5 1) ия</p> <p>6 ереже. Қазақстанда халық саны бойынша қала мәртебесіне сәйкес келмейтін елді мекендер жалпы қазақстандық қалалардың 14 пайыздан астамын құрайтындығын ескере отырып, қала мәртебесі берілетін елді мекендер тұрғындары санының төменгі шекарасын нақтылау (5 мың адам) ұсынылған.</p> <p>7.1 1) дәлелденді</p> <p>7.2 2) жоқ</p> <p>7.3 1) ия</p> <p>7.4 3) кең</p> <p>7.5 1) ия</p>	
8.	<p>Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі</p>	<p>8.1 Әдіснаманы тандау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) жоқ.</p>	<p>Ия, әдіstemені тандауы негізделген және нақты жазылған. Жұмыста диалектикалық әдіс, талдау, синтез, жалпылау, салыстыру,</p>

			<p>модельдеу әдістері үтүмдү қолданылған.</p> <p>Нақты-әлеуметтік зерттеу, салыстырмалы-құқықтық талдау әдістері, жүйелік-құрылымдық әдіс, кеңінен қолданылған.</p>
		<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректердің өндеге және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p>1) <u>ија;</u> 2) жок.</p>	<p>Ија, зерттеу жұмысының нәтижелері ғылыми зерттеудің заманауи әдістерін, оның ішінде құқықтық актілер базасын, Scopus дерекқорында индекстелген нөлдік емес импакт-факторы бар ғылыми басылымдарда жарияланған ғалымдардың зерттеулерін іздестіруге және зерделеуге кеңінен қолдана отырып алынған.</p>
		<p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p>1) <u>ија;</u> 2) жок.</p>	<p>Ија, диссертацияда жасалынған теориялық тұжырымдар тек жұмыстың өзінде ғана емес, сонымен қатар автордың бірқатар ғылыми журналдардағы мақалаларында және ғылыми конференциялардағы жарияланымдарында көрініс табады</p>
		<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған.</p>	<p>Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған. Зерттеу тақырыбы бойынша шетелдік және отандық авторлардың зерттеу енбектеріне, «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесіне сілтемелер берілген.</p>
		<p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз.</p>	<p>Пайдаланылған әдебиеттер тізімі 239 әдебиеттен тұрады және әдеби шолу жасау үшін толығымен жеткілікті.</p>
9.	Практикалық құндылық қағидаты	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы:</p> <p>1) <u>бар;</u> 2) жок.</p>	<p>Бар. Диссертация ережелері мен қорытындыларының теориялық маңыздылығы оның ғылымның дамуына, осы саладағы заңнама мен тәжірибелі жетілдіруге байланысты жасалған ұсыныстар</p>

		<p>мен ұсынымдар мемлекет және құқық теориясына өзіндік деңгейде үлес қосатындығына байланысты. Конституциялық құқық, Әкімшілік құқық және басқа да арнаулы курстарды оқыту барысында оку үрдісіне қолданылуға лайықты.</p>	
	<p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>иј;</u> 2) жок. 	<p>Иј, зерттеу мемлекеттік және жергілікті билік органдарының мамандарына, қалалық өзін-өзі басқару өкілдеріне бағдарланғандықтан практикалық маңызы бар. Диссертацияда «Республикалық маңызы бар қалалар туралы» Қазақстан Республикасы Заңы жобасы, «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылышы туралы» Қазақстан Республикасының заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы КР заңы жобасы (бап бойынша нақты нормаларымен) салыстырмалы кестесімен қоса, «Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 25 шілдедегі №155 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы» КР Президентінің Жарлығының жобасы (нақты баптарымен) ұсынылады. Диссертацияда жасалынған ұсыныстар заң шығарушы мен құқық қолданушылар тарапынан қолдауға ие болуы мүмкін.</p>	
	<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>толығымен жаңа;</u> 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем). 	<p>Толығымен жаңа. Диссертацияда жүргізілген ұлттық заңнаманы талдау нәтижелері мен жасалған ұсыныстарды заң жобалау қызметінде, құқықты іске асыру тәжірибесінде, сондай-ақ кәсіби заңдық білім беруші оку орындарында оку үрдісінде пайдалануға болады</p>	
10.	<p>Жазу және ресімдеу сапасы</p>	<p>Академиялық жазу сапасы:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>жоғары;</u> 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен. 	<p>Диссертациядағы академиялық жазбаның сапасы жоғары, бұл баяндаудың анықтығымен, логикалық құрылымымен және ұсынылған қорытындылардың дәлелдігімен расталады. Автор күрделі құқықтық ұғымдарды нақты қабылдауға мүмкіндік</p>

			беретін, ғылыми негізделген терминологияны пайдаланады.
11.	Диссертацияға ескертулер		Диссертациялық зерттеуге ескерту жоқ.
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі		Диссертациялық жұмыстың қорытындысы бойынша 11 баспа жұмысы жарияланды. Диссертация бойынша жазылған мақалалардың зерттеу нәтижелерін автордың өзі алған. Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі жоғары бағаланады.
13.	Ресми рецензенттің шешімі		Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетіне Байжанова Кулзира Тулепбергеновнаға «6D030100-Күкіштілдік мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге ұсыныс жасаймын.

Ресми рецензент:

Қазақстан Республикасының
Заңнама және құқықтық ақпарат
институтының Конституциялық,
әкімшілік заңнама және мемлекеттік
басқару бөлімінің жетекші ғылыми қызметкері
заң ғылымдарының кандидаты

28.05.2025 ж.



Тебаев Д.Б.

*растаймын
Тебаев Д.Б. 28.05.2025*